



ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ
Л.Н. ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ ЕУРАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ



Студенттер мен жас ғалымдардың
«ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ БІЛІМ - 2014» атты
IX халықаралық ғылыми конференциясы

IX Международная научная конференция
студентов и молодых ученых
«НАУКА И ОБРАЗОВАНИЕ - 2014»

The IX International Scientific Conference for
students and young scholars
«SCIENCE AND EDUCATION-2014»

2014 жыл 11 сәуір
11 апреля 2014 года
April 11, 2014



**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ
Л.Н. ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ ЕУРАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ**

**Студенттер мен жас ғалымдардың
«Ғылым және білім - 2014»
атты IX Халықаралық ғылыми конференциясының
БАЯНДАМАЛАР ЖИНАҒЫ**

**СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ
IX Международной научной конференции
студентов и молодых ученых
«Наука и образование - 2014»**

**PROCEEDINGS
of the IX International Scientific Conference
for students and young scholars
«Science and education - 2014»**

2014 жыл 11 сәуір

Астана

УДК 001(063)
ББК 72
Ғ 96

Ғ 96

«Ғылым және білім – 2014» атты студенттер мен жас ғалымдардың IX Халықаралық ғылыми конференциясы = IX Международная научная конференция студентов и молодых ученых «Наука и образование - 2014» = The IX International Scientific Conference for students and young scholars «Science and education - 2014».
– Астана: <http://www.eni.kz/ru/nauka/nauka-i-obrazovanie/>, 2014. – 5831 стр.
(қазақша, орысша, ағылшынша).

ISBN 978-9965-31-610-4

Жинаққа студенттердің, магистранттардың, докторанттардың және жас ғалымдардың жаратылыстану-техникалық және гуманитарлық ғылымдардың өзекті мәселелері бойынша баяндамалары енгізілген.

The proceedings are the papers of students, undergraduates, doctoral students and young researchers on topical issues of natural and technical sciences and humanities.

В сборник вошли доклады студентов, магистрантов, докторантов и молодых ученых по актуальным вопросам естественно-технических и гуманитарных наук.

УДК 001(063)
ББК 72

ISBN 978-9965-31-610-4

©Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық
университеті, 2014

танытуға мол септігін тигізеді. Бұл құбылыс жасалған арқылы жасалған тіркестердің эмоциялық, стилистикалық реңі басымырақ болады.

Қолданылған әдебиет

1. Қалиев Ғ. Тіл білімі терминдерінің түсіндірме сөздігі. - Алматы, 2005.
2. Салқынбай А., Абақан Е. Лингвистикалық түсіндірме сөздік. - Алматы, 1998.
3. Ахманова О.С. Словарь лингвистических терминов. - Москва, 1966.
4. Словарь иностранных слов. - Москва, 1987.
5. Большая советская энциклопедия. – Черногорск, 1952.
6. Байтұрсынов А. Тіл тағылымы. -Алматы, 1992.
7. Исаев С. Қазақ тілі жайындағы ойлар. - Алматы, 1997.
8. Қоянбекова С. Қазақ тілі экспрессивтік стилистикасының негіздері. - Алматы, 2008.
9. Махметова А. Мағжан Жұмабаев поэзиясындағы фразеологизмдер. - Астана, 2006.
10. Уәлиұлы Н. Фразеология және тілдік норма. - Алматы, 1998.
11. Абдрахманова Ж.А. Қазіргі қазақ тіліндегі окказионал фразеологизмдер. - Алматы, 2008.
12. Жұбанов Е. Эпос тілінің өрнектері. - Алматы, 1978.
13. Қосымова Г. Қазақ эпосындағы фразеологизмдер. - Алматы, 1997.
14. Тұяқбаева Р. Қазақ баспасөзінің лексикасы мен фразеологиясы (1990-2005 жж.). –Астана, 2005.
15. Нығметова Н. С. Жүнісов драмалық шығармалары тілінің көркемдік ерекшеліктері. - Астана, 2009.
16. Ақылбаева Г.И. Контаминация құбылысының тілдегі көрінісі. - Алматы, 2008.

ӘОЖ 811.512.122`355:636

ЖЫЛҚЫ АТАУЫМЕН БАЙЛАНЫСТЫ ФРАЗЕОЛОГИЗМДЕР МЕН МАҚАЛ-МӘТЕЛДЕРДІҢ ЭТНОЛИНГВИСТИКАЛЫҚ МӘНІ

Ғазизов Ғибрат

gibrat_01@mail.ru

Л.Н.Гумилев атындағы ЕҰУ «5В020500 – Филология. Қазақ тілі» мамандығы бойынша II курс студенті, Астана, Қазақстан
Ғылыми жетекшісі – Қ.Қ.Саркенова

Қазақ халқының сан ғасырлық өмір тарихы, қиын да күрделі тағдыры, аса бай мәдени мұралары тұтастай фразеологиялық қордан көрініс тапқан. Тұрақты сөз тіркестерінің көпшілігінде төрт түлік мал, соның ішінде жылқы малына байланысты тіркестер өте көп кездеседі.

Жылқы атауымен байланысты қолданылатын тұрақты сөз тіркестерін тек жылқыға қатысты қолданылатын және адамға қатысты қолданылатын фразеологизмдер деп қарастырып отырмыз.

Тек жылқыға қатысты қолданылатын фразеологизмдер жылқыны бағуға, баптауға, бәйге аттарының дене мүшелерін, сынын, бабын сипаттауға байланысты пайда болған. Мәселен, ат жемді көп жегендіктен аяғы ақсап қалады. Мұны **атқа жем түсті, аяғына жем түсті** дейді. Мысалы: *Бірақ бұ жолы бәйгеге салудың реті қалай болар екен, ортаншысының аяғына жем түсіп, ақсап жүр* (І. Есенберлин). Жылқыны қастерлеген қазақ жол жүргенде зорықтырмай, аттан түсіп, біраз от шалдырып, әлдендіріп, тынықтыратын, болған. Мұны **ат шалдыру** дейді. Мысалы: *Ұлытаудан бері асып, күнгей беттегі тал түбекті құла су Жанғабыл өзенінің бойындағы «Орда тіккен» деп аталатын, бір кезде Жошы аулы қонған жерде ат шалдырып жатқандарында, қасында он жасауылы бар, Көксеңгірін ойнақтатып Қобыланды батыр үстеріне сау ете қалған* (І. Есенберлин).

Тек жылқыға қатысты қолданылатын фразеологизмдер адамға қатысты қолданылатын тіркестерден аз кездеседі. Ал, ат лексемасына байланысты пайда болып, алғашында тура мағына білдіріп, мағына кеңеюіне байланысты адамның мінез-құлқын, түрлі әрекеттерін білдіру қызметіне ауысқан фразеологизмдер көп. І. Есенберлиннің «Көшпенділер» трилогиясында жиі қолданылған. Мәселен, **ат басынбұрды** тіркесі «бір жаққа қарай бағыт алды, беттеді» деген мағынаны береді. Жазушы қолданысында кейде арасына сөз қосылып, кейде етістік формасы өзгертіліп беріледі. Мысалы: **Ат басы Абылай сұлтанның аулына қарай бұрылысымен-ақ, бұған жолай төре тұқымынан қиянат көрген басқа рудыңкедей топтары да қосыла берген. Ана екеуі оған жауап қайтармаған, үн-түнсіз аттарының басын бұрып, келе жатқан адамдарға қарсы аяңдаған** (І. Есенберлин).

Фразеологизмдер – ойды бейнелі берудің жолы. Мысалы, тынықты, сергіп қалды деудің орнына **құр атқа мінгендей болды**, жорық кезіндегі сәтін **аттың жалы, түйенің қомында** деген фразеологизмдермен жеткізген. Сонымен қатар шапқыншылық, тонау нәтижесінде жиі қоныс аудару қажеттігі пайда болатын халықтың өміріндегі қиын кезеңдерді сипаттауда **атта жал, адамда қам жоқ** деген тіркес қолданылады [4, 16].

Жылқының дене мүшелеріне қатысты фразеологизмдердің де этнолингвистикалық сипаты болады. Мысалы, **ат жалын тартып мінді** фразеологизмі о баста ешкімнің көмегінсіз, өздігінен аттың жалынан ұстап мінетін, 7-12 жас аралығындағы баланың ер жігіттік мінезіне және жасына байланысты пайда болған. Бұрын қазақ арасында бұл жастағы бала өздігінен атқа міне алған. Фразеологизм бүгінде ауыс мағынада «адам болды, ер жетті, азамат болды» деген мағынада қолданылады. Мысалы: **«Жаратқан, осы еркек кіндікті үш ақ үрпек балапанымның ат жалын тартып мінгенін көрсем арманым жоқ, ұстағанның қолында, тістегеннің аузында кетіре көрме жаратқан!» - деп азынаған үні құлағымда әлі күнге дейін ызыңдап тұрғандай** (Ә.Көшімов). Бұл сөйлемде аталмыш тіркес **ат арқасына міну** фразеологизмінің синонимі ретінде көрінеді, яғни «ер жету, есею» дегенді білдіреді. Дегенмен осы мағынасымен қатар тілде «шынығу» деген мағынасы да бар. Мысалы: **«Қарсақпай» заводында істейтін, бұрын «Спасс» заводында жұмыскер болған Нұрман: «Тар жол, тайғақ кешу» уақытында ат жалын тартып мінген, өзімше қазақтың төңкерісшілер штабының бір мүшесі, жолдас Сәкен!..** (С.Сейфуллин) [4,16].

Ат кекілін (құйрығын) кесісті фразеологизмі «кетісті, араздасты, мүлде безді» мағынасын білдіреді. Мысалы: **Екеуін де бай жуанға жсығып берген, бетіне дақ салған кедейлерге үлкен өкпелі бұлар, түңіле сөйледі. Сонда да олардан ат кекілін кесіп кете алатын түрі жоқ** (Ғ.Мұстафин). Фразеологизм қазақтардың ежелгі ат кекілін кесіп, бәрінің көзінше (жұрт алдында) достық, туыскандық, бейбітшілік қарым-қатынастарды бұзу салты негізінде құрылған. Мұндай әрекет әдетте екі жаққа «аттың соғысуға дайын» екендігін білдіреді. Қазақ батырлары жауынгерлік дәстүр бойынша әскери іске, басқа мәселеге болсын дағдыласса, «ат тізесін қостым» деп кеткен, ал келіспей қойса, «ат құйрығын кестім» деп кеткен [4, 16-17].

Жылқылардың арасында кез келгенінің шақырып кісінеуіне жауап қайтаруы ерекше тән қасиет. Үйір айғыры өзінің үйіріндегі жылқыларды шашау шығармай бір жерде ұстап, басқарып, кісінеуі арқылы соңынан ертеді. Ол үйірлік аралықты бұзған басқа айғырларды қуып, өзінің аумағын қорғайды, құлағын жымқырып, тісін қышырлатып, кейде шайқасуға дейін барады, ол кезде ышқынған дауыс шығарып, қатты азынайды. Бұған қазақ тіліндегі мына тіркестер дәлел бола алады: **сақа айғырдай сақылдау; өз үйірін шақар айғырдай қайыру**. Бұл тіркес жануар мен адамның іс-әрекеттеріндегі ұқсас аялық элементтердің ассоциативтік ауыстырылуы негізінде адамды сипаттайды, нақты айтқанда ешкімді өзіне, өзінің аумағына жақындатпау, оны қорғау мәнінде. Мысалы: **Ертеңгі күні құтпан айғырдай ел шетін торып, азынап шыға келеді әлі-ақ! – деп, босалаңдау ғана лекіте күлді де, - Мөңке, жә, мен кетейін, - деп түрегелді** (Ә.Нұрпейісов) [4, 17].

Жылқы атаулары негіз болған фразеологизмдер жылқы туралы болғанмен, олар адамның іс-әрекеттерін, мінез-құлқын, жағымды-жағымсыз қасиеттерін сипаттайды. Мысалы: **Мұндай жағдайда, Иран ханы Смайылдың да бас көтеріп, Ақсақ Темір**

балаларының **тізгінін үзіп кетпек** боп тұрған кезде, ел билігін мықтап ұстау қажет (І. Есенберлин) деген сөйлемде **«тізгінінүзіп кетпек»** фразеологизмі «бөлініп кетпек, азаттық алмақ» деген мағынаны білдіреді. Ал, Әбілқайыр ханның кезінде Үйсіннің аты қуғанына жете алмайтын арық еді, енді хан Жәнібектің тұсында **жал бітейін дегені зой** (І. Есенберлин) деген сөйлемдегі **«жал бітейін дегені зой»** тіркесі Үйсіндердің жағдайы жақсарған екен деген мағынаны береді.

Қазақ тілінде жылқыға қатысты мақал-мәтелдер өте көп. **Андыз барда ат өлмес, қолымызда күш тұрғанда бізге бос жатуға болмайды. Ат қазығынан кетпейді,**саған да өз үйіріңнен**кетпе** дейміз (І. Есенберлин). «Көшпенділер» трилогиясында үйір лексемасына байланысты мынадай мақал бар: - **Жақсы. Ал, өз бауырларыңа қарсы садақ безеген ана екі ағанды қайтеміз? – Адасқанның айыбы жоқ, қайтып үйірін тапқан соң** (І. Есенберлин).

Шығармада **байталға** қатысты мақалды жазушы Чжао Хой әскерін сипаттауда қолданады. **Қазақ қолдарын қумақ түгіл, «байтал түгіл басқайғының» кебіне ұшырап, көтерілісті басу үшін, Чжао Хой әскері кейін шегінген** (І. Есенберлин). Құрамында «жүйрік» сөзі бар төмендегідей мақал-мәтелдер де ауыспалы мәнде қолданылған: **Жүйрік ат шаппаса да қырындайды** деген (І. Есенберлин).

– Иә, **жоққа жүйрік жетер ме,** – деп шал ауыр күрсінді (І. Есенберлин).

Жылқының **тұр-түсіне** байланысты мақал-мәтелдер де кездеседі. Қаламгер шығармада төмендегі мақалды «адамның бәрі бірдей емес» деген мағынада қолданған: **Бір биеден ала да туады, құла да туады,бір шірігенжұмыртқа кімді бүлдірер дейсің дейді ішіненКенесары** (І. Есенберлин).

Қорыта келгенде, тіліміздегі жылқы малына қатысты фразеологизмдер мен мақал-мәтелдердің көптігі халқымыздың сөздік қорының молдығын дәлелдей түседі. Жылқы атауына қатысты мол дүние замандастарымыздың тілдерін байытуға, дүниетанымын кеңейтуге мол септігін тигізетініне кәміл сенемін.

Қолданылған әдебиет

1. Есенберлин І. Көшпенділер. Тарихи трилогия. – Он томдық шығармалар жинағы. 6-том. 1-2 кітап. – Алматы: Жазушы, 1986.
2. Есенберлин І. Көшпенділер. Тарихи трилогия. - Алматы: Жазушы, 1986. Он томдық шығармалар жинағы. 7-том. 3 кітап.
3. Тоқтабай А., Сейтқұлова Ж. Төрт түліктің қасиеті. – Алматы, 2005.
4. Байтелиева Ж.Д. Қазақ тіліндегі жылқы малына қатысты фразеологиялық тіркестердің этномәдени уәждемесі. Филол. ғыл. канд. ... автореф. – Алматы, 2007.

ӘОЖ 81'23

ӨТІРІК ЖӘНЕ ШЫНДЫҚ: ПСИХОЛИНГВИСТИКАЛЫҚ АСПЕКТІСІ

Ертаева Фариза Ертайқызы

ertaeva_fariza@mail.ru

әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық Университетінің студенті, Алматы, Қазақстан
Ғылыми жетекшісі –Ж.Қ.Ибраева, филол. ғылым. докторы

Психолінгвистика - адамның сөйлеу үдерістерін (процестерін) зерттейтін ғылым. Ол психологиялық сараптама арқылы сөйлеу әрекеті үлгісін жасайды.

Адамның сөзі, сөйлеу әрекеті сезіну, қабылдау, байымдау, ойлау, қиялдау т.с.с психологиялық құбылыстармен тығыз байланыстылығын ескерсек, өтірікті айту мен тану осы қасиеттердің жемісі. Ал өтірік дегеніміз – «нақты іс әрекетті бұрмалап көрсетуді мақсат ететін шындыққа қарсы категория» [1, 340].

Шындық және өтірік – екі қарама-қайшы әмбебеп категориялар, әртүрлі салаларда және қызметтер түрлерінде – танымда, коммуникацияда, тұлғааралық қатынастарда және т.б